

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

ЖОБА

**«Ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтудағы музыка терапияның рөлі»**

Музыкатерапевтердің, мектепке дейінгі ұйымдардың, орта білім беру ұйымдарының, түзету мектептерінің, оңалту орталықтарының, ПМПК педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Дайындаған:**

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

**Астана қ., 2026**

## МАЗМҰНЫ

Бөлім 1.	Жалпы ережелер	3
Бөлім 2.	Глоссарий	4
Бөлім 3.	Бағдарламаның тақырыбы	6
Бөлім 4.	Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері	7
Бөлім 5.	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	7
Бөлім 6.	Оқу процесін ұйымдастыру	13
Бөлім 7.	Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	14
Бөлім 8.	Оқу нәтижелерін бағалау	15
Бөлім 9.	Курстан кейінгі сүйемелдеу	15
Бөлім 10.	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	16
Қосымша 1	Қорытынды жұмыстарды бағалау критерийлері	18

## 1-бөлім. Жалпы ережелер

Бағдарлама музыка терапевтерінің, мектепке дейінгі ұйымдардың, түзету мектептерінің, оңалту орталықтарының, ПМПК педагогтарының кәсіби қиындықтары мен қажеттіліктерін зерттеу арқылы анықталған неғұрлым талап етілетін білім кешенін қамтиды. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының жұмыс оқу жоспары нормативтік-құқықтық актілердің ережелері мен талаптары негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы,

- Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы,

- Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №322 «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы,

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы,

- Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрінің м.а «Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» 2023 жылғы 21 шілдедегі №327 бұйрығы.

Қазіргі қоғамда адамдардың психикалық және эмоционалдық саулығы өзекті мәселеге айналды. Осы тұрғыда музыка терапия – адамның ішкі күйін жақсартудың, күйзелісті азайтудың және өмір сапасын арттырудың тиімді құралы ретінде кеңінен қолданылып келеді.

Ғалымдардың едәуір бөлігі музыкалық терапияны психотерапияның көмекші құралы, науқастарды күрделі терапиялық әдістерді қолдануға арнайы дайындау құралы деп санайды. Музыка адамның эмоционалды және физикалық жағдайына ерекше пайдалы әсер етеді. «Музыка терапия» ұғымының көптеген анықтамалары бар. Бірақ балалармен музыкалық терапия сеанстары психикалық бұзылуларды, алаңдаушылық пен стрессті емдеуге орасан зор ықпал етеді.

Балаларға арналған музыкалық терапияны психотерапевтер дербес әдістеме ретінде қолданады. Музыка терапия сабақтары аутизмі бар, сөйлеу және ақыл-ой дамуының тежелуі, зейін тапшылығы гиперактивтілігінің бұзылуы және басқа да бұзылулары бар балаларды оңалтуда кеңінен қолданылады.

Психикалық дерттерге деген жаһандық назар жылдан-жылға артуда БҰҰ-ның Мүгедектер құқығы туралы конвенциясы сияқты халықаралық конвенциялар барлық балалар үшін қолжетімділік, теңдік, кемсітпеу және қатысу қағидаларын

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

баса көрсетеді. Көптеген елдерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға тек академиялық емес, сонымен қатар психологиялық, эмоционалдық және әлеуметтік қолдау қажет екендігі мойындалып келеді. Бұл балалардың қарым-қатынас жасау, өзін-өзі реттеу, төзімділік дағдыларын дамытуға бағытталған әдістерді қолдануды талап етеді. Музыка терапиясы – психотерапия мен білім беру салаларында халықаралық деңгейде мойындалған тәсіл, ол инклюзивті мектептерде, оңалту және түзету мекемелерінде кеңінен қолданылады.

Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың білім алуы білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі ретінде ресми түрде танылған. Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларының, педагогтер мен ата-аналардың өзара ынтымақтастығы маңызды үрдіске айналууда. Педагогтер мен ата-аналардың күш-жігерін біріктіретін бағдарламалар өте жақсы нәтижелер береді.

Музыка терапиясы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің маңызды құрамдас бөлігі бола алады. Бұл әдіс балалардың бейімделуін, әлеуметтенуін және эмоциялық тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді. Музыка арқылы балалар қиындықтарды жеңуге, қарым-қатынас жасау, зейін қою, өзін-өзі бақылау сияқты дағдыларды дамытуға үйренеді – бұл олардың білім алуға дайындығын және оқу ортасындағы табыстылығын арттырады. музыка терапиясы баланың (оның ішінде мүмкіндігі шектеулі баланың) қажеттіліктерін ескеретін қауіпсіз әрі қолдаушы білім беру ортасын құруға көмектеседі. Орталықтағы музыка технологияларын қолданатын түзету сабақтары балаларға әлеуметтік мінез-құлықтың қажетті түрлерін меңгеруге, отбасылық жағдайда оларды қолдана білуге мүмкіндік береді және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың құрдастары арасындағы алшақтықты азайту, кедергілерді жою және тең қолжетімділікті жақсарту шараларының бір бөлігі бола алады.

Өзірленген білім беру бағдарламасы (ББ) музыка терапиясы саласындағы теориялық және практикалық білімді нығайтуға көмектеседі. Бұл оқу бағдарламасы инклюзивті ортада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерге ұсынылады.

## **2-бөлім. Глоссарий**

*Арнайы педагогика* – педагогикалық білімнің құрамдас бір бөлігі болғанына қарамастан, көлемді ғылым саласы (латын тілінен аударғанда *specialis* – туыс, түр) деген мағынаны береді. Нақты түрдегі қабылданған анықтамасы, арнайы педагогика – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арнайы білім берудің теориясы мен технологиясын зерттейтін ғылым.

*Арнаулы (түзету) білім беру мекемелері* – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған білім беру мекемелері.

*Арнаулы білім беру жағдайлары* – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға жалпы

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

білім беру мен кәсіптік білім берудегі арнаулы оқыту мен тәрбие жағдайлары.

*АСБ* -аутистік спектрдің бұзылуы (ағылш. autism spectrum disorder, ASD; оның ішінде ескірген диагноздар: балалар аутизмі, ерте нәрестелік аутизм, атиптік аутизм, Каннердің аутизмі, жоғары функционалды аутизм, қосымша түсіндірулерсіз дамудың алғашқы бұзылуы, баланың ыдырауы және Аспергер синдромы 1:53)

*Балалардың церебральді сал ауруы (БЦСА)* – жатыршілік және босанғаннан кейінгі ерте кезеңде пайда болған мидың зақымдануының салдары болып табылатын синдромдар тобы;

*ЕБҚЕ*-бұл ерекше білім беруді қажет ететін балалар.

*Музыка терапия*- термині грек-латын тілінен шыққан және аудармасы «музыкамен емдеу» дегенді білдіреді.

*Рецептивтік музыкатерапия* (пассивті) пациенттің қарапайым тыңдаушы позициясын алып, музыкалық терапия сессиясына белсенді түрде қатыспауымен ерекшеленеді. Оған психикалық денсаулығының күйіне және емдеу кезеңіне сәйкес келетін әртүрлі музыкалық шығармаларды тыңдау немесе әртүрлі дыбыстарды тыңдау ұсынылады.

*Музыкатерапияның белсенді әдістері*- музыкалық материалмен белсенді жұмыс істеуге негізделген: аспапта ойнау, ән айту, би қимылдарын қайталау т.б.

Өзірленген білім беру бағдарламасы (ББ) музыка терапия саласындағы теориялық және практикалық білімді нығайтуға көмектеседі. Түзету және оңалту орталықтарында ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасайтын мамандарға қосымша оқу құралы ретінде ұсынылады.

*Педагогикалық түзету*-бұл пациентке сабақ түрінде де, даму барысын динамикалық бақылау түрінде де, ата-аналарға да ұсыныстар түрінде көмек көрсетуге бағытталған шаралар кешені. Пациенттер құрамының гетерогенділігі қабілеттер мен дағдыларда, әлеуметтік маңызды дағдыларда, эмоционалды-еріктік қасиеттердің көрінісінде көрінеді.

*Түзету* (лат. correctio – түзету) – баланың дамуы мен мінез-құлқындағы кемшіліктерді түзетуге бағытталған педагогикалық және емдеу шараларының жиынтығы;

*Инклюзивті білім беру* (ағылш. inclusion-білім беруді, бірлесіп оқытуды қамтитын қосу) - қолда бар физикалық, зияткерлік, әлеуметтік, эмоционалды, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, әрбір адамға жалпы білім беру мекемелерінде оқуға мүмкіндік берілетін оқыту нысаны.

*Коррекция* – (лат. correctio – түзеу) – балалардың психикалық және дене дамуының кемшіліктерін түзетуге немесе оның салдарын жеңілдетуге бағытталған педагогикалық шаралар жүйесі.

*Психикалық дамуында тежелуі бар балалар* – әдетте ұзақ уақытта әр түрлі себептегі науқастар салдарынан, түрлі созылмалы аурулардан, туа біткен және жүре пайда болған соматикалық жүйедегі ақаулардан, балалар неврозынан жапа

### 3-бөлім. Бағдарламаның тақырыбы

Қазіргі уақытта инклюзивті қоғам саласындағы педагогтардың, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының, оңалту орталықтарындағы музыкатерапевтерінің, орта білім беру ұйымдарының, түзету мектептерінің, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (ПМПК) негізгі міндеттері мыналар болып табылады: білім беру ұйымдарындағы арнайы білім беруді реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен музыкатерапевтердің жұмыс істеу біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру; музыкалық терапияда қолданылатын әдістерді меңгеру; әртүрлі даму бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына музыканың көмегімен оңалту бойынша кеңестер мен ұсынымдар беру.

Инклюзивті білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың эмоционалдық аймағын, қарым-қатынас дағдыларын және сенсорлық интеграциясын дамытуға бағытталған, музыкалық терапия элементтерін қамтитын түзету-дамыту бағытындағы бағдарламалар ұсынылған. Алайда қолданыстағы бағдарламалардың басым көпшілігі:

- музыка терапияны қосалқы, фрагментарлы әдіс ретінде қолданады;
- музыка терапия технологияларын жеке оңалту бағдарламаларына жүйелі түрде енгізуді көздемейді;
- ерекше білім беру қажеттіліктерінің кең ауқымын ескермей, балалардың жекелеген санаттарына ғана бағытталған.

Бағдарламаның жаңашылдығы музыкалық терапияны ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оңалту үдерісінде жүйелі түрде қолдануымен және оны инклюзивті білім беру жағдайына бейімдеуімен айқындалады. Бұл аталған бағдарламаны қолданыстағы ұқсас үлгілерден ерекшелендіреді.

Музыкалық терапия бойынша бекітілген бағдарламалар мен әдістемелер (мысалы, Nordoff–Robbins, Орф–Шульверк және т.б.) көбінесе арнайы мекемелерде түзету жұмыстарын жүргізуге немесе жеке терапиялық сабақтар өткізуге бағытталған.

Ал ұсынылып отырған бағдарлама музыкалық-терапиялық әдістерді инклюзивті білім беру жүйесіне кешенді түрде, нақты құрылымға сүйене отырып және ғылыми негізде енгізуді қарастырады.

Яғни, бұл бағдарлама тек жекелеген терапиялық сабақтармен шектелмей, музыкалық терапияны жалпы білім беру үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде қолдануды мақсат етеді. Бағдарлама инклюзивті қоғам саласындағы педагогтарға, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының және түзету мектептерінің педагогтарына, сондай-ақ оңалту орталықтарының музыкатерапевтеріне арналған ең сұранысқа ие білімдер кешенін ұсынады.

#### **4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

*Бағдарламаның мақсаты* – музыка терапеві маманының кәсіби құзыреттілігін арттыру, музыка әдістері арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік дағдыларын, эмоционалды көңіл-күйін реттеуді және психомоторлық функцияларды дамыту, олардың өзін-өзі бағалауы мен қарым-қатынас жасау қабілеттерін жақсарту.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер айқындалады:

- 1) білім беру ұйымдарындағы арнайы білім беруді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеу;
- 2) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оңалтудағы музыка терапевінің рөлі туралы түсініктерді кеңейту;
- 3) музыка терапиясында қолданылатын басқа да әдістермен танысу;
- 4) үйде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың музыка арқылы дамуына жағдай жасау.

Курсты аяқтағаннан кейін инклюзивті ортада ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін педагогтер:

- 1) олар нормативтік құқықтық актілерді, музыка терапиясының маңыздылығы мен ерекшеліктерін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оңалтудағы музыка терапиясының рөлін біледі, музыкалық аспаптар мен материалдарды дұрыс қолдана алады;
- 2) музыка терапиясы саласында қолданылатын әдістерді зерттейді, біріккен сабақты қалай тиімді ұйымдастыруға болатындығын біледі;
- 3) ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналары музыка терапевінің кеңесін ала алады, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастағы "аналар мектебі" маңыздылығы туралы ақпарат алады;
- 4) вокал терапиясы жайында толық мағлұмат алады;
- 5) рецептивті терапияда қолданылатын әуендерді дұрыс таңдау қабілетін үйренеді;
- 6) аспаптық терапияда қолданылатын аспаптармен танысады және дұрыс қолдану үлгісін алады;
- 7) данс терапия, музыкалық қимыл – қозғалыс жаттығуларымен танысады және үйренеді.

#### **5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Тыңдаушыда белгіленген мақсат пен міндеттерге сәйкес келетін кәсіби білімді, дағдыларды қалыптастыру үшін бағдарламаның мазмұны 4 модульді меңгеруді қамтамасыз етеді:

- 1) Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

2) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оңалтудағы музыкатерапевінің рөлі;

3) Музыка терапиясының танымал бес бағытын біліп және ажырата алатын болады;

4) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер мен ұсыныстар.

## **1-Модуль. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету**

Бұл модульде педагогикалық кадрлардың музыка терапиясы бойынша нормативтік-құқықтық құжаттарға талдау жасалады.

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы, 32-1-бап, 1, 2, 3, 4-тармақтар «Кәсіби даярлау».

Бағдарламамен байланысы:

Аталған бағдарлама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау мен біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге қатысты талаптарына сәйкес келеді. Курстың мазмұны инклюзивті білім беру саласындағы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға, заманауи түзету-дамыту технологияларын меңгеруге және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде инновациялық әдістерді, оның ішінде музыка терапияны енгізуге бағытталған.

Біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 32-1-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген және педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау мен біліктілігін арттыруды көздейді.

Бағдарламаның мазмұны 32-1-баптың 2-тармағында көзделген кәсіби білімді, іскерліктер мен құзыреттерді жаңарту және тереңдету талаптарына сәйкес келеді, бұл инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің кәсіби қызметін жүзеге асыруы үшін қажет.

Бағдарламаны іске асыру 32-1-баптың 3-тармағында айқындалған заманауи педагогикалық және түзету-дамыту технологияларын, соның ішінде оңалту және түзету жұмысының инновациялық әдістерін меңгеруге бағытталған.

Бағдарлама бойынша оқытуды ұйымдастыру білім беру жүйесі мамандарының кәсіби даярлығы мен біліктілігін арттырудың нысандары мен шарттарын регламенттейтін 32-1-баптың 4-тармағының талаптарына сәйкес келеді.

2. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы» Заңы, 3-бап «Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсетудің мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары», 9-бап «Мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық, арнайы білім беру және әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар».

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

Бағдарламамен байланысы:

Бағдарлама мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсетудің мақсаттары, міндеттері мен қағидаттарын ескере отырып әзірленген. Курста музыкалық терапияны қолдану балалардың эмоционалдық, коммуникативтік және когнитивтік салаларын кешенді дамытуға ықпал етеді, бұл ерте көмек көрсету, оңалту және әлеуметтік бейімдеу міндеттеріне сәйкес келеді. Бағдарлама арнайы білім беру және түзету қызметтерін көрсететін ұйымдардың педагогтеріне бағытталған.

Бағдарлама Заңның 3-бабының 1–3-тармақтарына сәйкес әзірленіп, балалардың дамуын, оқытылуын және оңалтуын қамтамасыз етудегі кешенді тәсілді жүзеге асыруға бағытталған.

Бағдарламаның мазмұны Заңның 9-бабының ережелеріне сәйкес келеді және мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы білім беру және түзету қызметтерін көрсететін ұйымдар педагогтерінің түзету-дамыту технологияларын, оның ішінде музыкалық терапияны қолдану бойынша кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы «Бейресми білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіби біліктілікті тану қағидаларын бекіту туралы», 2-тарау, 4, 5, 6, 8, 10-тармақтар.

Бағдарламамен байланысы:

Бағдарлама бейресми білім беру шеңберінде алынған оқыту нәтижелерін тануға қатысты осы бұйрықтың талаптарына сәйкес келеді. Курстың құрылымы, академиялық сағаттар көлемі, жоспарланған оқыту нәтижелері және қорытынды бағалау нысандары педагогтердің біліктілікті арттыру бағдарламасы барысында меңгерген кәсіби құзыреттерін растау мен тануға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасы Қағидалардың 2-тарауының 4, 5, 6, 8, 10-тармақтарының талаптарына сәйкес әзірленген.

Бағдарламаның құрылымы, көлемі (80 академиялық сағат), жоспарланған оқыту нәтижелері мен қорытынды бағалау нысандары оқыту барысында қалыптасқан педагогтердің кәсіби құзыреттерін тану және растау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы», 3-параграф «Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуы».

Бағдарламамен байланысы:

Осы бағдарламаны іске асыру педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз етуге бағытталған және бұл мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Курс педагогтердің кәсіби ұтқырлығын

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

арттыруға, заманауи педагогикалық және түзету тәжірибелерін меңгеруге, сондай-ақ білім беру процесіне инклюзивті тәсілдерді енгізуге ықпал етеді.

Бағдарламаны іске асыру 3-параграфтың ережелеріне сәйкес келеді, өйткені педагогтердің біліктілігін жүйелі түрде арттыруға, заманауи инклюзивті және түзету-дамыту тәжірибелерін меңгеруге және кәсіби құзыреттерін кеңейтуге бағытталған.

5. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 327 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішін бекіту туралы».

Бағдарламамен байланысы:

Бағдарламаның мазмұны педагогика ғылымдары және арнайы (инклюзивті) білім беру саласындағы кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес келеді. Курс ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерге арналған және қолданыстағы даярлау бағыттарының жіктеуішіне сәйкес кәсіби білім мен практикалық дағдыларды тереңдетуді қамтамасыз етеді.

Бағдарлама № 327 бұйрығымен бекітілген педагогика ғылымдары және арнайы (инклюзивті) білім беру саласындағы кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес келеді және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту саласында кәсіби қызмет атқаратын педагогтердің біліктілігін арттыруға бағытталған.

Осылайша, бағдарлама Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілерінің нақты талаптарын ескере отырып әзірленген және оларды педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде практикалық тұрғыда іске асыруды қамтамасыз етеді.

## **2-Модуль. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтудағы музыка терапияның рөлі**

Бұл модульде музыка терапиясы саласындағы жалпы білімді, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған музыка әдістерін, ұсақ және ірі моториканы дамытудың маңыздылығы, есте сақтауды дамыту үшін қолданылатын музыкалық жаттығулардың тиімділігі қарастырылған.

## **3-Модуль. Музыкатерапияның әдістері мен тәсілдері**

Бұл модульде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған музыка терапиясының танымал бес бағыттары мен түрлері жайында біліп және ажырата алатын болады; вокал терапиясы, рецептивті терапия, аспаптық терапия, данс терапия, ертегі терапия. Музыка терапиядағы топтық сабақтар туралы түсінігін кеңейтеді. Музыка терапиясындағы топтық сабақтардың пайдасы жайында мағұлматтар алады. Және тәжірибие жүзінде үйренеді.

#### 4-Модуль. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер мен ұсыныстар

Бұл модульде оңалту жұмысындағы «Аналар мектебі» маңыздылығы туралы ақпарат беріледі, қолданылатын құралдармен танысады, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналары үшін "Аналар мектебін" қалай дұрыс ұйымдастыру керектігін біледі.

Бағдарлама жоспары:

№	Сабақтың тақырыбы	Теориялық сабақтар	Практикалық жұмыс	Барлығы	Өткізу түрі
1	2	3	4	5	6
<b>1-Модуль. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету</b>					
<i>Оқытудың күтілетін нәтижелері:</i> педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру есебінен білім сапасын реттейтін мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын білу.					
1.1	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы	1	1	2	Слайд-презентация
1.2	Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы	1	1	2	Слайд-презентация
1.3	Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №322 «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы	1	1	2	Слайд-презентация

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

1.4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрінің м.а «Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» 2023 жылғы 21 шілдедегі №327 бұйрығы	1	1	2	Слайд-презентация
Барлығы:		8			
2-Модуль. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оңалтудағы музыка терапевінің рөлі					
<i>Оқытудың күтілетін нәтижелері:</i> музыка терапиясы саласындағы жалпы білім көрсетіледі.					
2.1	Музыкатерапияның негізі туралы біледі	2	3	5	Слайд-презентация
2.2	Музыкатерапия салаларын талдай алады	1	4	5	Сұрақ-жауап
2.3	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған музыканы музыка сабағында тиімді қолдану	2	3	5	Слайд-презентация
2.4	Музыка терапиямен түзету педагогикасының байланысын түсінетін болады	2	3	5	Слайд-презентация
2.5	Баланың мүмкіндігіне сай музыкалық аспаптар мен материалдарды дұрыс қолдануды біледі	2	3	5	Слайд-презентация
Барлығы:		25			
3-Модуль. Музыкатерапияның әдістері мен тәсілдері					
<i>Оқытудың күтілетін нәтижелері:</i> Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жүргізілетін музыкатерапияның әдіс- тәсілдерін үйрену.					
3.1	Музыка терапиясының танымал бес бағытын біліп және ажырата алатын болады.	2	2	4	Слайд-презентация

Ке АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

3.2	Рецептивті терапияда қолданылатын әуендерді дұрыс таңдау қабілетін үйренеді	1	2	3	Сұрақ-жауап
3.3	Аспаптық терапияда қолданылатын аспаптармен танысады және дұрыс қолдану үлгісін алады	2	3	5	Слайд-презентация
3.4	Вокал терапиясы жайында толық мағлұмат алады	2	3	5	Слайд-презентация
3.5	Данстерапия. Музыкалық қимыл – қозғалыс жаттығуларымен танысады және үйренеді	2	2	4	Слайд-презентация
3.6	Біріктірілген сабақ, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту құралы ретінде	2	2	4	Слайд-презентация
<b>Барлығы:</b>		25			
4-Модуль. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер мен ұсыныстар					
<i>Оқытудың күтілетін нәтижелері:</i> үй жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар ата-аналарға арналған кеңестер, ұсыныстар					
4.1	«Аналар мектебін» тиімді ұйымдастыру	2	2	4	Слайд-презентация
4.2	Біріктірілген сабақтардың пайдасы жайында түсінігін кеңейтеді	2	2	4	Сұрақ-жауап
4.3	Музыка терапиямен ойынтерапиясының біріктірілген сабақтарын тәжірибе жүзінде жүргізіп үйренеді	2	3	5	Слайд-презентация
4.4	Әртүрлі бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына кеңес беру, ұсыныстар	2	3	5	Слайд-презентация
<b>Барлығы:</b>		18			
Жобаны қорғау		2			
Қорытынды тестілеу		2			
<b>Барлығы:</b>		80			

### 6-Бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, келісуді және бекітуді, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді және

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторингті, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізуді регламенттейтін Ережеге сәйкес ұйымдастырылады:

- 1) еңбек қызметінен қол үзбей (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);
- 2) жалақысын сақтай отырып, еңбек қызметінен қол үзіп (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);
- 3) аралас (қашықтықтан оқытуды қолдана отырып, күндізгі).

Курсты өткізу кезеңінде жеке дәрістер оқуға және практикалық сабақтарды жүргізуге ұйым әдіскерлерді, педагогтарды, білім беру ұйымдарының басшыларын, практикаларды, өндірістік кәсіпорындардың мамандарын, өңірлік кәсіпкерлер палаталарының, жұмыс берушілер қауымдастықтарының өкілдерін тартады.

Оқу процесі оқу жоспарымен, жылдық кестемен, ұйымның сабақ кестесімен реттеледі.

Курстың ұзақтығы: 80 сағат

Біліктілікті арттыру курсының оқу процесін ұйымдастыру шарттары:

- 1) белгіленген оқу жоспарына, сабақ кестесіне сәйкес оқуға;
- 2) оқу тәртібі мен мінез-құлық нормаларын сақтауға, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамына және басқа да білім алушыларға құрмет көрсетуге, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғпауға;
- 3) біліктілікті арттыру курсының кестесіне сәйкес барлық сабақтардың кемінде 80% - қатысуға;
- 4) алынған ең жоғары балдың кемінде 50% көлемінде қорытынды тестілеуден өтуге міндетті.

## **7-бөлім. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету әдістемелік ұсынымдардың мынадай құрылымын қамтиды:

- 1) дәріс кешені:
  - дәріс тезистері
  - иллюстрациялық материал
  - әдебиет
  - бақылау сұрақтары (кері байланыс).
- 2) практикалық сабақтар:
  - мақсат
  - оқыту міндеттері
  - тақырыптың негізгі сұрақтары
  - түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін оқытудың негізгі нысандары/әдістері/технологиялары
  - әдебиет
  - бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

3) өзіндік жұмыс:

- тапсырмалар
- орындау/ бағалау нысаны (реферат, презентация, тапсырмалар, тесттер,
- тапсыру мерзімі
- әдебиет
- бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).

### **8-бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау**

Оқыту нәтижелерін бағалау жобаны қорғау, тестілеу нысанында жүргізіледі (1-қосымша).

Жобаны қорғау жеке жұмыс түрінде өтеді. Әр тыңдаушы өз жобасын дайындайды.

Өзіндік жұмыс барысында тыңдаушылар қызметті жоспарлады, ұйымдастыруды және талдауды көздейтін жеке тапсырманы орындайды.

Қорытынды тестілеу біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының мазмұны бойынша сұрақтарға жауаптарды қамтиды. Қорытынды тестілеу үшін ең жоғары балл - 100 балл, ең аз - 50 балл.

50 және одан көп балл алған тыңдаушыға сертификат беріледі. Әйтпесе, біліктілікті арттыру курсы тыңдау туралы анықтама беріледі.

Сертификат алмаған тыңдаушылардың мүмкіндігі бар:

- 1) жылына бір реттен артық емес білімді қайта бағалауға;
- 2) тыңдаушылардың келесі ағымымен білімді қайта бағалауға;
- 3) ағымдағы жыл ішінде дәлелді себептермен бір ағыннан екінші ағынға ауыстыруға құқылы.

4) растайтын құжаттарды ұсына отырып, дәлелді себеппен үзілген курсты аяқтауға құқылы.

Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан сәтті өткен тыңдаушыларға тақырып пен сағат көлемі көрсетілген біліктілікті арттыру курстарының тақырыбы бойынша сертификат беріледі.

### **9-бөлім. Курстан кейінгі сүйемелдеу**

Курстан кейінгі сүйемелдеу білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, келісуді және бекітуді, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторингті, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізуді регламенттейтін ережеге сәйкес ұйымдастырылады.

Курстан кейінгі қолдаудың мазмұны біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

нәтижелерімен анықталады.

Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүргізу нысандарына мыналар жатады:

1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексивті қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2) педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауды дайындауда консультациялық көмек көрсету;

3) педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларды (конкурстар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу.

Курстан кейінгі сүйемелдеу нәтижелерін талдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг үш жылда кемінде 1 (бір) рет жүргізіледі.

## **10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі әдебиеттер тізімі:**

1.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

2.Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.

3.Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №322 «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы.

4.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.

5.Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрінің м.а «Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» 2023 жылғы 21 шілдедегі №327 бұйрығы.

6.Музыкотерапия в специальном образовании. Учебно-методическое пособие. В.Г. Колягина из: «Прометей» 2019.- 108 с.

7.Музыка мгновений. Опыт практикующего музыкального терапевта С.Я. Стангрит. Из:«Городец» 2018.- 137 с.

8.Музыкальная терапия. Сборник методических материалов. (ГБУ РК «Карельский ресурсный центр»Карельская ассоциация музыкальной терапии)

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

Петрозаводск 2019. – 130 с.

9. Мозг и музыка. Как чувства проявляют себя в музыке и почему ее понимание доступно всем. М.Н. Корсакова. Изд: АСТ. 2022. – 304 с.

### **Қосымша әдебиеттер тізімі:**

1. Ваш ребенок и музыка. 5-е издание. Г. Ганзбург. Изд: Ridero. 2021. – 50 с.
2. Уильямс Катрина, Робертс Жаклин. Аутизмді түсіну.- Феникс, 2021.-183б.
3. Музыкальный инстинкт. Ф. Болл. Из: «Эксмо». 2021. – 432 с.
4. На музыке. Наука о человеческой одержимости звуком. Д. Левитин. Из: «Альпина Паблишер». 2022.- 433 с.
5. <https://www.youtube.com/watch?v=y65necIJU2Y>
6. <https://www.youtube.com/watch?v=CIFflkjUjS0>
7. [https://www.youtube.com/watch?v=\\_Ft6rtmlIE](https://www.youtube.com/watch?v=_Ft6rtmlIE)
8. <https://www.youtube.com/watch?v=ziHxU8tm3xk>
9. <https://chydo-deti.ru/metod-tomatis-razvitie-cherez-osobuyu-muzyku/>
10. <https://classinform.ru/mkb-10.html>

## **Қорытынды жұмыстарды бағалау критерийлері**

Өзіндік жұмысты бағалау критерийлері:

Курстың даму деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнын игеру;
- 2) зерттелетін материалды практикалық қолдану;
- 3) ақпаратты талдау және синтездеу;
- 5) қорытынды жасай білу.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысты орындау бойынша білімдерін бағалау балдарды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 9-10 балл (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 7-8 балл (75-84%);
- 3) «қанағаттанарлық»: 5-6 балл (50 - 74%).

*Жобаны бағалау критерийлері*

Курстың даму деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) жобаның негіздемесі;
- 2) жобалық идеяның креативтілігі;
- 3) жобаны іске асыру жоспары;
- 4) алған білімдерін көрсету;
- 5) әлеуетті нәтижелілік.

Жобаның құрылымы

Бір жобалық тақырыпта 4-5 тыңдаушыдан тұратын топ жұмыс істейді. Әр топ өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1) титул парағы (ұйымның атауы, әзірлеушінің Т.А. Ә., жылы, қаласы көрсетіледі).

2) Мазмұны (Кіріспе, Негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3) кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігі, жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, негізгі проблеманы тұжырымдау және қысқаша сипаттау негіздемесі беріледі).

4) Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе ашылады, қолда бар тиімді практиканың көздері мен материалдарында жобалық идея баяндалады, жобаны іске асырудың іс-қимылдары (кезеңдері) жоспарланады, жобаны бағалау критерийлері, көрсеткіштері, индикаторлары және оның болашақ дамытушы, оқытушы, қалыптастырушы әсері айқындалады.

5) қорытынды (жобаның тәуекелдері тіркеледі, жалпылау жасалады немесе зерттеу нәтижелерін нақты пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар беріледі).

6) пайдаланылған көздердің тізімі.

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

7) қосымшалар (қажет болған жағдайда).

8) слайд түріндегі Презентация.

Жобаны бағалау критерийлері:

- 1) жобаның негіздемесі;
- 2) жобалық идеяның креативтілігі;
- 3) жобаны іске асыру жоспары;
- 4) алған білімдерін көрсету;
- 5) әлеуетті нәтижелілік.

Жобаның бағалау парағы

	Критерийлер	Ұпай	Пікірлер орны
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау		
2	Белгіленген мәселелердің, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі		
3	Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану, Жаңалық		
4	Жобаны жүзеге асыру кезеңдерінің жүйелілігі, логикалығы, бірізділігі мен толық қамтылуы		
5	Музыканы педагогикалық міндеттерді шешуге қолданудың тиімділігі мен қажеттілігі		
6	Жобаны іске асырудың болашағы мен даму мүмкіндіктері, жоба нәтижелерін тарату және насихаттау		
	Ұпай саны		

Жобалық жұмыстың тұсаукесерін бағалау үшін келесі критерийлер бөлінеді:

0 балл-іске асырылмаған;

1 балл – ішінара іске асырылды;

2 балл-толық іске асырылды.

Жоба бойынша ең жоғары балл саны-12 балл.

Жұмыс үшін балл сомаларын дәстүрлі бағалау нормаларына аударуды келесі схема бойынша жүзеге асыруды ұсынамыз:

«5» (өте жақсы) бағасы 11-12 балл сомасына қойылады.

«4» (жақсы) бағасы 8-10 баллға сәйкес келеді.

«3» (қанағаттанарлық) бағасы 6-7 балл сомасына сәйкес келеді.

*Тестілеуді бағалау критерийлері*

	Модульдердің атауы	Сағат	Сұрақтар
--	--------------------	-------	----------

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

		саны	саны
1.	Модуль1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету	8	10
2.	Модуль2. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтудағы музыка терапияның рөлі.	25	15
3.	Модуль3. Музыкатерапияның әдістері мен тәсілдері	25	15
4.	Модуль4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер мен ұсыныстар.	18	10
5.	Қорытынды тестілеу	4	
	Барлығы	80	50

Ұпайларды (Балдарды) бағалау шкаласы

баға	Орындалу шегі%	Балдар (ұпайлар)
5	90%-100%	29-35
4	75-89%	23-28
3	50-74%	15-22
2	50% аз емес	20 балдан аз емес